

Шетелдің заңгерлік фирмаларын тарту практикасын реттеу және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бюджеттік ұйымдарына консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 7 тамыздағы N 982.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бюджеттік ұйымдарына құқықтық консультациялық көмек көрсету мәселелері бойынша шетелдің заңгерлік фирмаларымен шарттар /контрактілер/ жасасу практикасын реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі, министрліктері және ведомстволары құқықтық консультациялық көмек көрсетуге, сондай-ақ басқа да мемлекеттердің соттарында немесе өзге органдарында мүдделерді білдіруге шетелдің заңды тұлғаларымен жасасатын барлық шарттар (келісімшарттар) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне алдын ала сараптауға ұсынылуы тиіс деп белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.06.2017 № 350 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Жоғарыда аталған шарттарды /контрактілерді/ жасасу туралы келіссөздерді жүргізу жөніндегі делегациялардың құрамына Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілдері кіруі тиіс деп айқындалсын.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*